«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ

# 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысының жылдық есебі.

Әлеуметтік педагог: Есмаганбетова.С.С

Scanned with CamScanner

« Сарыкөл ауылының негізгі орта мектебі» КММ

**2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысының жылдық есебі.**

Мектепте тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Жоспар бойынша 2024-2025 жылға арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

Мектепке жол акция барысында тамыз айында «Мектепке жол » акциясы жүргізілді. «Мектепке жол » акциясынан көмек аз қамтылған, көп балалы, аз қамтылған отбасыларға берілді. Осы саладағы балаларға бюджеттен әр балаға сертификат берілді. Сертефикат құны әр балаға шаққанда 40150 теңгені құрайды. Оқушыларға спорттық киім кешек, спорттық аяқ киім және оқу құралдары берілді. 12 балаға осы оқу құралдары мен спорттық киім және аяқ киімдер берілді.

2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап мемлекет қорынан, 1-4 сынып ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып бекітілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі С.Д.Тұрсынбаева және әлеуметтік педагог бақылап отырды. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен балалардың әлеуметтік төлқұжатты жасалды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны -61. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 25 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар жоқ, толық қамтылған отбасыдан шыққан бала саны 42.

**2024-2025 оқу жылының III-IV тоқсанында атқарылу керек жұмыс жоспары:**

1. «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында эссе жазу
2. «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмысы /қыздар жиналысы
3. Мектептегі тегін ыстық тамақты ұйымдастыруға қатысты сауалнама алу.

Scanned with CamScanner

4. “Барлығына мың алғыс” тақтасы. Оқушылар алғыс, жылы лебіздерін жазу

**1. «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында эссе жазу**

**Мақаты:** оқушылардың өмірге деген көзқарастарын анықтай отыра, өмірдегі құндылықтарды бағалай білуге үйрету.

5-9 сыныптар аралығында 11.02.2025 күні “Мен өмірді сүйемін” тақырыбында эссе жазды. Оқушылар өз ойларын білдіріп, алға қойған мақсаттарымен бөлісті. Өмірде ең қымбат деп таныған дүниелерімен бөлісе отырып, өмірге құштарлықтарын көрсетті. Эссе жазу барысында оқушылар отбасы мен Отан құндылығын ескерді.



**2. «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмысы /қыздар жиналысы**

**Мақсаты:** жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің салдары мен себептерін түсіндіре отырып, репродуктивті сауаттылыққа баулу.

7-9 сынып аралығындағы қыздар үшін “Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндіру жұмысы медбикенің көмегі арқылы өткізілді.

Қыздар жиналысына 11 оқушы қатысты және де презентация арқылы жүктілік жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жүктілікке байланысты термин сөздер мен таныстырылды. Және түсіндірме жұмысының соңында қыздардан сауалнама алынды. Төмендегідей сұрақтардан тұрды. Оқушылар анонимді түрде сауалнамаға жауап берді.

Scanned with CamScanner

**Сауалнама**

1.Сен ата-анаңмен жыныстық жетілу және жыныстық қатынас туралы сөйлесесің бе?

А) иә 13 Ә) жоқ 81 Б) өз жауабың 3

2. Жасөспірім қыздарды жыныстық қатынасқа түсуге не итермелейді?

А) мода Ә) күшпен мәжбүрлеу 65

Б) өзін тәуелсіз, еркін сезіну үшін

В) тыйым салғанға қарамастан әрекет ету 12 Г) құрбыларының ықпалы

Д) жасөспірімдік ғашықтық сезім 20

3. Ерте жүктілік туралы білесің бе?

А) Иә 66 Ә) жоқ 19 Б) білмеймін 10

4. Төменде көрсетілген жас аралықтарының қайсысы ерте жүктілікке жатады?

А) 14-16 жас (90) Ә) 17-18 жас (6)

Б) 19-20 жас (1)

5. Ерте жүктілік қауіпті ме?

А) Иә 91 Ә) Жоқ Б) Өз жауабың 5 ____________

6. Жыныстық қатынасқа түскенде ерте жүктіліктен қалай сақтануға болатынын білесің бе?

А) Иә 13 Ә) Жоқ 20 Б) Білмеймін 53 В) өз жауабың ________

Қорытынды нәтижесінде:

1 – сұрақ бойынша жоқ деп 100% жауап берді.

2 – сұрақ бойынша күшпен мәжбүрлеу деп 70% жауап берді.

3– сұрақ бойынша иә деп 100% жауап берді.

4 – сұрақ бойынша 17-18 жас деп 100% жауап берді.

5 – сұрақ бойынша иә деп 100% жауап берді.

6 – сұрақ бойынша иә деп 90% жауап берді.






**2. Мектептегі тегін ыстық тамақты ұйымдастыруға қатысты сауалнама алу.**

Мектепте тегін тамақпен қамтылған оқушылар саны 1-4 сыныпта 26 оқушы. Оқушылардың ыстық тамаққа қаншалықты көңілдері толады және ыстық тамақтың сапасын анықтау мақсатында оқушылардан тест түрінде сауалнама

Scanned with CamScanner

жұмысы алынды. Сауалнамаға оқушылар анонимді түрде жауап жазды. Сауалнаманы тексеріп болғаннан кейін төмендегідей мониторинг жасалды.


"Ыстық тамақ" сауалнама
«Мектепте берілетін ыстық тамақ» сауалнама
1. Мектепте берілетін тамақ
а) дәмді
б) дәмсіз
2. Мектептегі тамақ
а) тойымды
ә) тойымсыз
3. Мектептегі тамақ
а) күніне бір тамақ қайталанады
б) күніне әр түрлі тамақ беріледі
4. Мектепте жеміс – жидек
а) беріледі
б) берілмейді
5. Мектептегі ішкен тамаққа
а) ақша төлейміз
б) тегін беріледі

Әлеуметтік педагогтың «Бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылған» оқушылармен жүргізілген сауалнамалардың қорытындысы. Сауалнамада 5 сұрақ болды. Барлығы 18 оқушыдан сауалнама алынды.
Қорытынды нәтижесінде:
1 – сұрақ бойынша мектепте берілетін тамақ дәмді деп 100% жауап берді.
2 – сұрақ бойынша мектептегі тамақ тойымды деп 81% жауап берді.
3– сұрақ бойынша мектептегі тамақ күніне қайталанбайды деп 100% жауап берді.
4 – сұрақ бойынша мектепте жеміс – жидек беріледі деп 100% жауап берді.
5 – сұрақ бойынша мектептегі ішкен тамаққа ақша төлемейміз деп 100% жауап берді.
Мектеп асханасы оқушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Оқушылардың асханаға деген, аспазшыларға деген ешқандай қарсы пікірлері жоқ.

### 3. "Барлығына мың алғыс" тақтасы. Оқушылар алғыс, жылы лебіздерін жазу

**Мақсаты:** 1 наурыз- Алғыс айту күніне арналғандықтан, оқушылар қоғамда өмір сүргендіктен бір біріне деген жылы лебіздерін, көңіл күй сыйлайтын тілектерін ашық айту мақсатында ұйымдастырылған "Барлығына мың алғыс" тақтасы. Оқушылар мұғалімдерге және достарына, айналасындағы достары мен құрбыларына жылы тілектерін жазып, сонымен қатар ата аналарын да ұмытпады. Балалар бір сәтке өздеріне жазылған жылы тілектерді оқып, жақсы әсерлерімен бөлісті.

Scanned with CamScanner









Мамыр айында «Ақниет» қорынан бір оқушыға сумка мектеп құралдырымен берілді.

**Әлеуметтік педагог:** **С.С.Есмаганбетова**

Scanned with CamScanner